

Кезектен тыс педагогикалық кеңес №2

Өткізілген күні: 25 қыркүйек 2023 жыл.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: «Болашақ» МДҰ-ның тәрбиешілері, педагог мамандар.

Күн тәртібінде:

1. Меңгеруші Н.Н.Жетенованы аудандық марапатқа ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері Р.Х.Базармагамбетова сөз сөйледі.

Н.Н. Жетенова балабақша ашылғалы 2013 жылдан осы балабақшада меңгеруші қызметін атқарып келеді. Осы жылдар ішінде атқарған жұмыстары атап айтарлық, еңбегінің арқасында жеткен жетістіктерінде баршылық. Ұжымда беделді, өз қызметіне адал, қызметкерлермен тіл табысып жұмыс істеп келеді. Алда келе жатқан мұғалімдер күніне орай аудандық марапатқа ұсынуға әбден лайық.

Сөз сөйлеген: тәрбиеші Туретаева Г.Б. Нұргүл Нұртайқызын марапатқа ұсыну дұрыс деп ойлаймын. Себебі ұжымда басшылық қызметін адал атқарады. Қызметкерлерге талап қойып, тыңдата алады. Балабақшада өтетін іс-шараларға әрдайым басшылық жасап ақыл-кеңестерін беріп отырады.

Балабақша психологы: Жарқынбаева Б.М. сөз алды. Нұргүл Нұртайқызы өз ісіне берілген ұстаз, басшы. Ұжымда қызметкерлер арасында сыйлы, жұмыста қызметкерлер арасында белсенділік танытып келеді. Марапатқа ұсынуға қарсылығым жоқ.

Қабылданған шешім:

1. Н.Н.Жетенова аудандық марапатқа ұсынылсын.

Пед.кеңес төрайымы:

Төрайымы:



Handwritten signature of the chairperson.

Базармагамбетова Р.Х.

Алибекова Г.К.

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілу уақыты 27 қараша 2023 жыл.

Тақырыбы: «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағыдайлар туғызу»

Мақсаты: Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру.

Күн тәртібінде:

1. Кеңес: «Баланың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі». Тәрбиеші: Туретаева Г.Б.

2. «Таңертеңгілік жаттығуларды өткізу және нығайту мен жақсартудың маңызы» Тәрбиеші: Әлібекова Г.Қ.

3. Кеңес: «Серуеннің бала өміріндегі маңызы» Әдіскекр: Базармагамбетова Р.Х

4. Өз іс-тәжірибесінен: «Мектеп жасына дейінгі балалардың саусақ ойын жаттығулары»

Психолог: Жарқынбаева Б.М.

5. Тренинг: «Дені саудың жаны сау!» психолог.

6. Пед. кеңес қортындысы шешім қабылдау.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:

Балабақша әдіскері педагогтарды күн тәртібімен таныстырып, бүгінгі пед. кеңестің мақсатына тоқталып өтті. Бүгінгі тақырыпқа сай балабақшада сауықтыру және шынықтыру шараларын ұйымдастырудың маңызы зор екені бәріңізге белгілі.

«Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша

«Баланың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі» тақырыбында дайындаған Г.Б. Туретаеваның кеңесі тыңдалды.

Пед. кеңестің жоспары бойынша тәрбиеші Г. Әлібекова «Таңертеңгілік жаттығуларды өткізу және нығайту мен жақсартудың маңызы» тақырыбында дайындаған кеңесі оқылып талқыланды.

Жоспар бойынша пед. кеңестің барлық бөлімдері орындалды.

Балабақша меңгерушісі Н.Н. Жетенова сөз алды.

негізгі бала іс-әрекеттерін міндеттердің қолжетімді тәсілдерімен шешуге үйренеді.

«Ойлан, тап!» логикалық ойындар. Психолог: Жарқынбаева Б. Ойындар жөнінде психологиялық тәсілдерін ұсынды.

Балабақша әдіскері пед. кеңесті қортындылады.

Шешім:

1. Заттық кеңістік дамытушы орпаны ұйымдастыруды жалғастыру.
2. Логикалық ойындарды іс-әрекетте көбірек қолдану.
3. Жас топтары бойынша заттық кеңістік дамытушы ортаға қойылатын талаптарды орындау.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Handwritten signatures in blue ink, corresponding to the names of the chairwoman and secretary.

Жетенова Н.Н.

Жарқынбаева Б.М.

Педагогикалық кеңес отырысының

№3 хаттамасы

Аралтөбе селосы

қаңтар 2024жыл

Қатысқандар: Балабақша педагог мамандары.

Тақырыбы: Сурет салу бойынша балаларға сурет салудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін үйрету.

Мақсаты: Баланың әсемдік әлемімен үнемі байланыста болуына әсен ету және эстетикалық талғамға баулу. Сурет салу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі баланың сезімдік эмоциональдық ортасымен эстетикалық талғамын және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту. Балаларды сурет салуға үйретуде қолданылатын әдіс-тәсілдер.

Өткізілу түрі: дөңгелек үстел, тренинг.

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасау.

Меңгеруші: Жетенова Н.Н.

2. Балабақшада жас тобына қарай сурет салуға үйретудің әдісі.

Әдіскер: Базармагамбетова Р.Х.

3. «Жануарлар бейнесі» (оригами әдісі бойынша іс-тәжірибе.)

Тәрбиеші: Алибекова Г.К.

4. АРТ терапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу.

Психолог: Жарқынбаева Б.М.

5. Ашық қаралым: «Сиқырлы бояу патшалығы».

Тәрбиеші: Туретаева Г.Б.

Тыңдалды: №2 педагогикалық отырысының шешімдерінің орындалу барысында балабақша меңгерушісі: Нұргүл Нұртайқызы мәлімдеме жасады. 2023-2024 оқу жылында жоспарланған жылдық жұмыстар жүйелі түрде орындалуда. Оқу іс-әрекеттері кестеге сай және тақырыптық іс-шара орындалуда.

Балалардың денсаулығын нығайту, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шаралары барлық қызметкерлер мен педагогтар, мамандардың өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарағанның барысында дұрыс орындалуда.

Педагогтардың психологиялық ахуалы күнделікті қызметке, өз жұмыстарын қызығушылықпен жоғары көңіл-күйде атқаруда.

Екінші мәселе балабақшаның жоспары бойынша екінші міндеттеме сурет салу оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына тақырыптық бақылау жүргізілгені туралы балабақша әдіскері Роза Хайроллақызы баяндады.

Сурет салу оқу тәрбие жұмыстарының тақырыптық бақылау қортындысына анықтама жүргізілді. Бақылау жоспарлы түрде өткізілді.

Ұсыныс: тәрбиеші дидактикалық ойынды жас ерекшеліктеріне сай қолдана білу, балалардың өз ойын жүйелі түрде жеткізе білуге үйрету.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша оригами әдісі бойынша «Жануарлар бейнесі» тақырыбында тәрбиеші Алибекова Г.К. өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті.

Оригами – желім мен қайшысыз қағаздан бүктеу арқылы әр түрлі, бйымдар істеу өнері. Сонымен қатар, оригами балалардың ойлау, байқау қабілеттерін, саусақтардың қимылдауын шынықтырады. Бұл қолдың ұсақ моторикасына деген ең керемет жаттығу. Логика, есте сақтау, ойлау қабілеттеріне оң әсерін тигізеді және баланың шыдамдылық, зер салу, ұқыптылық, бастаған істі соңынан жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Шешім қабылдау:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық ойынды күнделікті оқу іс-әрекетінде қолдану, жоспар бойынша жүргізілсін.

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:



Жетенова Н.Н.
Жарқынбаева Б.М.

Жетенова Н.Н.

Жарқынбаева Б.М.

«Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы

№ 4 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты 27 наурыз 2024 жыл

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: «Болашақ» МДҰ-ның тәрбиешілері, педагог мамандар.

Күн тәртібінде:

№3 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.

1.Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзіреттілігін дамыту бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру»

Кеңес: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту бойынша пәндік –дамытушылық ортаны құру».

Өз іс –тәжірейбесінен: «Ерте және кіші жастағы балалардың сөйлеуін дамыту ынталандыру».

Кеңес «Бала тілін мнемотехника тәсілі арқылы дамыту»

«Театрландырылған ойынның бала тәрбиесіндегі маңызы»

Пед.кеңес қортындысы, шешім қабылдау.

Сөз сөйлегендер:

Меңгеруші Н.Н.Жетенова тіл –қоғамдағы адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құрал, қоғамдағы өндірістің, ғылым мен техниканың, әдебиет пен мәдениеттің шарықтап өсіп, кемеліне келу тілдің жемісі екені мәлім. Баланы осылайша сөз өнеріне сөйлесе білуге үйрету күнделікті тәлім-тәрбие арқылы іске асырылады. Мектеп жасына дейінгі сәбилердің дүние танымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Баланың сана- сезімін жетілдіру, эстетикалық талғамын байытуда теледидар арқылы берілетін мультипликациялық фильмдерді көрсетіп, әңгімелесу, оқылған шығармаға байланысты диафильмдер, фильмоскотарды көрсетіп отыруда пайдалы.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту бойынша пәндік –дамытушылық ортаны құру» тақырыбында кеңес берген Г.К.Алибекова.

«Ерте және кіші жастағы балалардың сөйлеуін дамыту, ынталандыру» тақырыбында өз іс-тәжірейбесімен бөліскен Г.Б.Түретаева .

«Театрландырылған ойынның бала тәрбиесіндегі маңызы» атты психологиялық тәсілдерін психолог Б.Жарқынбаева ұсынды.

Шешім:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту бойынша пәндік – дамытушылық ортаны құру жұмысы толықтандырылсын.
2. Бала тілін мнемотехника тәсілі арқылы дамыту жүйеленсін.
3. Театрландырылған ойындар жие жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Хатшысы:

Жетенова Н.Н.
Жарқынбаева Б.М.

Жетенова Н.Н.

Жарқынбаева Б.М.

«Болашақ» мектепке дейінгі ұйымы

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілу уақыты 31 мамыр 2024 жыл.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: «Болашақ» МДҰ-ның тәрбиешілері, педагог мамандар.

- 1.Тақырыбы:**Өткен оқу жылының оқу тәрбие жұмыстарына талдау жасау.
- 2.Тәрбиешілердің жылдық жұмысының есебі.
- 3.Оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторингтың қортындысы.
- 4.Психологтың жылдық жұмысының есебі.(Балалардың педагогика-психологиялық мектепке дайындық қортындысы).
- 5.Жаз мезгілінің сауықтыру-шынықтыру жоспарын құру,бекіту.
- 6.Пед.кеңес қортындысы,шешім қабылдау.

Балабақша әдіскері педагогикалық кеңесті ашып,күн тәртібімен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

Меңгеруші Жетенова Н.Н.Мінеки тағыда 1 жылды артқа тастап.оқу жылын аяқтадық.Жазғы сауықтыру жұмыстары басталады.Сыртқы ойын аландарына жөндеу жүргізіліп,ойын алаңына құм түсірілді.Әліде атап айтқанда жазғы ойындарға байланысты балалар алаңына спорттық ойыншықтар алсақ деген ойдамыз.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

Балабақша тәрбиешілері Туретаева Г.және Алибекова Г. даму мониторингін атқарылған жұмыстарының есебін берді.Жылдық есеп бойынша өткізілген ертеңгіліктер,семинарлар,жарыстар,ата-аналар мен жұмыстар,оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып,қағаз жүзінде өткізілді.

Психолог Б.Жарқынбаеваның жылдық жұмысының есебі тыңдалды.Биылғы жылы мектепалды даярлық тобына 5 бала барады жәнеде балалардың психологиялық мектепке дайындығы өте жақсы.Бір бала ғана ерекше білімді қажет етеді.Ол баламенде жоспар жасалып жұмыстар жүргізілді.

Тыңдалды:Балабақша әдіскері тәрбиешілерді жазғы сауықтыру шынықтыру жоспарымен таныстырды.Негізгі міндеттерге тоқталып өтті. Негізгі міндетіміз:Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау;

Танымдық, жан-жақты қызығушылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымындағы ауа райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану/күн,ауа.су,құм,т.б./;

Шынықтыру шаралары арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу;

Спорттық ептілік пен дағдысын одан әрі дамыту,қимыл белсенділіктерін арттыру;

Жағымды көңіл-күй мен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

келесі қызмет түрлеріне табиғи-заттық ортаны қолдану: табиғатта еңбекті ұйымдастыру (гүлзар,) танымдық қызметті ұйымдастыру, әртүрлі ойын түрлерін ұйымдастыру, қозғалыс белсенділігін, бақылау.


• жазғы кезеңде балалармен іс- шараларды бірігіп жасауға еліктіру, тәрбиелеу және сауықтыру сұрақтары бойынша ата- аналармен педагогикалық ағарту жұмыстарын жүзеге асыру.

Пед.кеңестің соңында балабақша меңгерушісі сөз алып педагогтардың жазғы демалысының кестесімен таныстырып,жақсы демалуларына тілек білдірді.

Әдіскер пед.кеңесті қортындылады.

Шешім:

Жаз мезгілінің сауықтыру-шынықтыру жоспары бекітілсін.



Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

Жетенова
Жарқынбаева

Жетенова Н.Н.

Жарқынбаева Б.М.